# Қамқоршылар кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жоспары

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Нәтиже түрі |
|---|---|---|---|
| 1 | 1.Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу.<br>2.Кеңес мүшелерін сайлау.<br>3.Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу (төрағасы, орынбасар, жауапты хатшы).<br>4.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру,бекітуге ұсыну. | Қыркүйек-қазан | хаттама |
| 2 | 1.Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күнін өткізуге қатысу.<br>2.Сәтсіз отбасылар,қамқорға алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру, мұғалімдермен бірлескен жұмыс.<br>3.Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бекетте мұз айдынын жасау. | Қараша-желтоқсан | хаттама |
| 3 | 1.Бюджеттен тыс шағын кәсіпкерлерді тарту, оларды пайдалану жолдарын қарастыру.<br>2.Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету. | Қаңтар-наурыз | хаттама |
| 4 | 1.Оқу-материалдық базасының сақталуы мен үнемі толтыруын қамтамасыз ету.<br>2.Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдауы. | Мамар-маусым | хаттама |

**Қамқоршылық Кеңес**
**жиналысының хаттамасы**
**№3**

Балқаш қаласы білім бөлімінің «әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

**07.09.2022 ж.**

**Жиынға қатысушылар: Қамқоршылық Кеңесінің мүшелері**

**Күн тәртібінде:**

1. Мектептің жазғы жөнделу жұмыстары туралы есеп беру. Мектеп басшысы С.Т.Сыздыкова
2. «Мектепке жол» акциясы негізінде атқарылатын іс-шаралар есебі.
3. Қамқоршылық Кеңесі мүшелерінің 2022-2023 оқу жылында мектеп оқушыларының тамақтану мәзірін ұйымдастыруы.
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

**Тыңдалды:**

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп басшысы С.Т.Сыздыкова сөз алды. Жаз мезгіліндегі мектептің жөндеу жұмыстарына тоқталды.
2021-2022 оқу жылына мектепті дайындау үшін ғимаратқа косметикалық жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жөндеуге облыстық бюджеттен қаражат бөлінді. Күрделі жөндеу тек мектептің шатырын жөндеуге 13999000 млн қаражат бөлініп, 2349,6 $м^2$ ғимарат шатыры жөнделді. Кезекті шатыр жөндеуін жасаушы «Бауыржан» ЖК Калиахмет Бауыржан Тұрлығазұлы. (келісім шарт №85, күні 09.07.2022)
Сонымен қоса, ыстық су құбырлары тартылып, мектеп ыстық сумен қамтамасыз етілді.
Сырлау, ағарту жұмыстары да жүргізіліп, мектеп жаңа оқу жылына уақытында дайын болды.

2. Екінші мәселе бойынша «Мектепке жол» акциясы негізінде атқарылатын іс-шараларға есеп берілді.
Жыл сайын Қамқоршылық кеңесі аз қамтамасыз етілген отбасыларына, қамқорлыққа алынған балаларға «Мектепке жол» акциясының аясында жаңа оқу жылына дайындалуға көмек көрсету жолдарын қарастырып, көмек беруді ұйымдастыруға қатысады.
Кезекті отырыста Қамқоршылық кеңес мүшелері «Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан бөлінетін қаржыдан аз қамсыздандырылған, көп балалы, мүгедек, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, патронат тәрбиедегі оқушыларға қаржылай көмек берілуін бақылау туралы» сұрақты қарастырып, мектептің әлеуметтік педагогы А.С.Сахабаеваның есебін тыңдады.
Биылғы жылы мектебіміздің 2015 жылғы түлегі Алматы қаласындағы «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің қауымдастығының жұмыскері Тлекеева

Арай материалдық көмекке мұқтаж балаларға, қамқорлық акциясын жасады. Атап айтсақ, мектебіміздің аз қамсыздандырылған 10 оқушысына оқу-құрал жабдықтары мен сөмкелер берілді.
Жалпыға бірдей білім беру қорынан тамыз айында 65 оқушыға 37389 теңгеден, қыркүйек айында 6 оқушыға 37389 теңгеден бөлінді.
«Бектау-Ата» дүкенінің иесі Ардақ 30000 мың теңге көмек жасады. Оған екі рюкзак алынып берілді.
71 оқушыға аналарының өтініші негізінде берілді. Әлеуметтік педагог жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан қаржылай көмек алғаны туралы ата-аналардан қолхат алды.
Бұл қаржыны бөлу мәселесі мектептің жалпыға міндетті білім беру қорын бөлу жөніндегі ата-аналар комитеті отырысында жан-жақты қаралып, талқыланды.

3.Үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесі мүшелері 2022-2023 оқу жылында 1-4 сынып оқушыларының тамақтану мәзірін ұйымдастырып, өз өзгерістерін енгізді.

**1-күн:**
Салат алмамен – 100г
Ет котлеті – 100г
Бұқтырылған гречка – 150г
Нан – 40г
Шай сүтпен, қантпен – 200мл

**2-күн:**
Салат – 100г
Тауық етінен күріш – 200г
Нан – 40г
Кисель – 200мл

**3-күн:**
Балық томат соусында – 100г
Кортофель пюресі – 150г
Кептірілген жемістен компот – 200мл
Нан – 40г
Сүзбеше – 100г

**4-күн:**
Сәбіз салаты, алма – 100г
Сүтпен күріш кашасы – 200г
Май мен ірімшіктен жасалған бутерброд – 150г
Алма шырыны – 200мл
Нан – 40г
Алма – 150г
(4 күннің мәзіріне Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің тарапынан өзгерістер енгізілді)

**5-күн:**
Макарон өнімдерінен көже – 250г
Сгущенка қосылған бәліш – 70г
Қызанақ пен қиярдан салат – 100г

**Қамқоршылық Кеңес**
**жиналысының хаттамасы**
**№4**

Балқаш қаласы білім бөлімінің
«әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Күні: **13.12.2022ж.**

**Жиынға қатысушылар:**

1. **Қамқоршылық Кеңесінің мүшелері**
2. **Ата-аналар қауымдастық мүшелері**

**Күн тәртібінде:**

1. Мектептін жылу беру жағдайы туралы есеп
2. Оқушылардың мектептегі қауіпсіздік шаралары бойынша іс-шараларды талқылау.
3. Тамақтану және алыс жерде тұратын мектеп оқушыларының мектепке келуін ұйымдастыру шаралары бойынша әлеуметтік педагогтың есебі.
4. Өткізілетін жаңа жылдық шырша мерекелерінің кезекшілік кестесін қарастыру және ұйымдастыру шараларын бекіту.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры С.Т. Сыздыковаға күн тәртібіндегі түйткілді мәселелермен таныстырып өтіп, жалпы аналитикалық ақпарат берді.
2. Күн тәртібіндегі бірінше мәселе бойынша
3. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары А.У. Жургинбаева кезеңде мектеп-лицейдің маусымдық жылу жүйесінің жоғары деңгейде барлық талаптарға сай берілгендігі туралы есеп берді.

4. Мектепте оқушылардың қауіпсіздігі бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.К Коккозова баяндады. Мектепте сыртқы және ішкі бейнебақылаулар саны, төтенше жағдайлар кезіндегі алгоритммен барлық мектеп ұжымының таныстырылғаны туралы, «қауіпсіз мектеп» ақпараттық тақтасының ұйымдастырылғаны туралы ақпараттар беріп өтті.
5. Тамақтану және алыс жерде тұратын мектеп оқушыларының мектепке келуін ұйымдастыру шаралары бойынша әлеуметтік педагог А.С.Сахабаева айтып өтті. Тегін тамақтанатын көпбалалы жанұялардан, азқамтылған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар әлеуметтік көмек көрсетіліп оқушылар толық ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Ыстық тамақтың сапасы және ұйымдастырылуына бақылауды бракераждық комиссия жүзеге асырады. Алыс мекен-жайда тұратын оқушылардың саны 36 . Бұл оқушыларға

227,520 тенге жол ата-аналарының жеке есеп шоттарына аударылды, деп есеп берді.

6. Қамқоршылық кенесі бірігіп, өткізілетін жаңа жылдық шырша мерекелерінің кезекшілік кестесін құрып, жауапты тұлғаларды тағайындады және қауіпсіздік шараларын ұйымдастырды.

Шешімі:

1.Оқушылардың қауіпсіздігі бойынша іс шаралар үнемі бақылауға алынсын және жалғастырылсын.

2.Аз қамтамасыз етілген отбасыларын, қамқорлыққа алынған балаларды дәстүрлі оқыту жағдайында білім алуға қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етуге көмек көрсету жұмыстары жалғастырылсын.

3. Жаңа жыл мерекесі кесте бойынша өткізіліп, барлық қауіпсіздік шаралар сақталуы қадағалансын.
Мектептегі ұстаздарға-ата-аналар,оқушылар тарапынан сыйлық беруі болмауы қадағалансын.

**Төрағасы:** Мәден Т.С.
**Хатшы:** Толетаева М.К.

**Хаттамамен таныстым:**

1. Ашимханова А.А
2. Бағлан О.Д.
3. Дюсембаева Ж.С.
4. Тукашбаева М. Б.
5. Жасымбекова Г.Е.
6. Сарсенбекұлы Қ.
7. Искакова З.

Мед қосылған шай – 200мл
Нан – 40г
Әр айдың соңында Қамқоршылық кеңес мүшелері мектеп асханасының жұмыс барысын тексеріп, жағдайды бақылауға алып отырады.
Сонымен бірге жалпыға бірдей міндетті білім беру қоры қаражат есебінен тегін тамақтану үшін 448 теңге көлемінде қаражат қарастырылды. 4 апталық ас мәзірі бекітіліп, 33 оқушы тегін тамақпен қамтылды.

4.Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

Шешімі:

1. Мектеп басшысы С.Т.Сыздыкованың мектептің жазғы жөндеу жұмыстары туралы ақпары есепке алынсын.
2. Тыңдалған «Мектепке жол» акциясы негізінде атқарылатын іс-шаралар ақпары есепке алынсын.
3. Қамқоршылық Кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жоспары бекітілсін, жоспардағы іс-шаралар мерзімге сай орындалсын.
4. Қамқоршылық Кеңесі мүшелерінің 2022-2023 оқу жылында мектеп оқушыларының тамақтану мәзірін ұйымдастыруы есепке алынып, өзгертулер орындалсын.

**Төрағасы:** Мәден Т.С.
**Хатшы:** Толетаева М.К.

**Хаттамамен таныстым:**
1. Ашимханова А.А.
2. Тукашбаева М.Б.
3. Барлан О.Д.
4. Дюсембаева Ж.С.
5. Бейсембаев Б.М.
6. Жасымбекова Г.Е.
7. Сарсенбекұлы Қ.
8. Искакова З.Б.

**Қамқоршылық Кеңес**
**жиналысының хаттамасы**
**№5**
Балқаш қаласы білім бөлімінің
«әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Күні: 02.03.2023ж.

*Жиынға қатысушылар:*

1. **Қамқоршылық Кеңесінің мүшелері**
2. **Ата-аналар қауымдастық мүшелері**
3. **Әлеуметтік педагог А.С. Сахабаева**
4. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.К Коккозова

**Күн тәртібінде:**

1. РМҚК «РОСО «Балдәурен» лагеріне жолдамаға ұсынып отырған мектеп оқушыларының тізімін құру;
2. 11 сынып оқушылары ұйымдастырып отырған қайырымдылық кешінің әзірлемесімен танысу;
3. Мектепте сәуір айында өтетін асханадағы ашық есік күні іс-шарасын ұйымдастыру жұмыстарын талқылау;
4. Жемқорлықтың алдын алу мақсатында ұстаздарға қымбат сыйлық жасауға тыйым салу жөнінде ескерту жұмыстарын жүргізу.

**Тыңдалды:**

Отырыстың басында мектеп директоры С.Т. Сыздыкова өткен отырыстың шешімі бойынша аналитикалық ақпарат берді.

Күн тәртібіндегі бірінше мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.К Коккозова сөз кезегін алып, сынып жетекшілер берген РМҚК «РОСО «Балдәурен» лагеріне жолдамаға ұсынып отырған оқушылардың тізімін таныстырды. Қамқоршылық кеңесі әр баланың мінездемесін біліп кезек кестесін құрды.

Келесі сөз кезегін алған 11А сыныбының ата-ана комитеті төрағасы Карабаева Толкын Сансызбаевна жоспарлап отырған іс-шараның әзірлемесімен таныстырып, қамқоршылық кеңесі мүшелерімен бірлесіп өткізуге ұсынды. Жиын қатысушылары өзара ақылдасып, іс-шара өткізу ретін талқылады.

Келесі сөз кезегін алған әлеуметтік педагог А.С.Сахабаева балалардың құқығын қорғау мақсатында мектеп асханасында ашық есік күні өтетіні туралы айтты. Ашық есік күнінде ата-аналар және Қамқоршылық кеңесінің

мүшелері жалпы мектептегі тамақтану тәртібімен және ережесімен танысып, тегін тамақ ішетін оқушылар туралы мәлімет біле алатынын айтты.

Сөз кезегін алған директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.К Коккозова жемқорлықтың алдын алу мақсатында ата-аналардың сынып жетекшілерге және ұстаздарға қымбат сыйлық жасауға тыйым салу жөнінде ескертуді ұсынды.

**Шешімі:**

1. Оқушылардың қауіпсіздігі бойынша іс шаралар үнемі бақылауға алынсын және жалғастырылсын;

2. Қамқоршылық кеңесімен құрылған тізім бойынша мектеп оқушыларына РМҚК «РОСО «Балдәурен» лагеріне жолдама беру;
3. 11 сынып оқушылары ұйымдастырып отырған қайырымдылық кешіне ұйымдастыру көмегі берілсін;
4. Мектепте өтетін асханадағы ашық есік күне қатысу;
5. Жемқорлықтың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы ата заның Азаматтық кодексінің 509-бабы орындалуы қатаң бақылауға алынсын (ҚР ҚК 247-бабы).

Төрағасы: Мәден Т.С.
Хатшы: Толетаева М.К.

**Хаттамамен таныстым:**

1. Ашимханова А.А
2. Бағлан О.Д.
3. Дюсембаева Ж.С.
4. Тукашбаева М. Б.
5. Жасымбекова Г.Е.
6. Сарсенбекұлы Қ.
7. Искакова З.
8. Сахабаева А.С.
9. Коккозова Н.К.
10. Карабаева Т.С.
11. Сулейменова П.Т.

**Қамқоршылық Кеңес**
**жиналысының хаттамасы**
**№ 6**

Балқаш қаласы білім бөлімінің
«әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Күні: 19.05.2023ж.

**Жиынға қатысушылар:**

1.Қамқоршылық Кеңесінің мүшелері
2.Ата-аналар қауымдастық мүшелері
3.Әлеуметтік педагог Махашова Г.Н.
4.Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.К Коккозова
5.Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.К Коккозова

**Күн тәртібінде:**

1. Жазғы демалысты ұйымдастыру шаралары
2. Жаз мезгілі кезіндегі қауіпсіздік
3. Мектеп ауласын абаттандыру жұмысын жүргізу

Тыңдалды:

Отырыстың алдында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.К. Кусайнова №5 отырысының шешімі бойынша аналитикалық ақпарат берді.

15 мамыр күні өткен «Жылы жүрек, жомарт қол» атты қайырымдылық кешінен 176.000 ( жүз жетпіс алты мың) теңге жиналды. Сол ақшаға «Күншуақ» балалар демалыс орталығына 16 аз қамсыздандырған оқушыларға жолдама бергенін айтты. 21сәуірі күні мектептің асханасы ата-аналарға және қонақтарға ашық есік күні ұйымдастырылғаны жөнінде айтты. Іс-шара барысында ата-аналар мен келген қонақтар сұрақтарына жауаптар алғаны айтылды.

Күн тәртібіндегі бірінше мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.К. Коккозова сөз кезегін алып, жаз демалысын ұйымдастыру туралы ақпар берді.

Жаз мезгіліндегі қауіпсіздікке арналған іс-шаралар жоспарымен таныстырып өтті. Келесі сөз кезегін алған қамқоршылық кеңесінің мүшесі Искакова З. мектеп ауласын абаттандыру жұмысына көрсететін көмектері жайында өзара ақылдасты.

**Шешімі:**

1. Жазғы демалыс іс-шараларын ұйымдастырылсын және бақылауға алынсын;
2. Қауіпсіздік ережерлері қатаң сақталсын;
3. Мектеп ауласын абаттандыру жұмысы жүргізілсін.

**Төрағасы:** Мәден Т.С.
**Хатшы:** Толетаева М.К.

**Хаттамамен таныстым:**

1. Ашимханова А.А
2. Бағлан О.Д.
3. Дюсембаева Ж.С.
4. Тукашбаева М. Б.
5. Жасымбекова Г.Е.
6. Искакова З.
7. Махашова Г.С.
8. Коккозова Н.К.
9. Кусайнова Ж.К.